

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN



АЙДАРБАЕВ САГЫНГАЛИЙ
ЖОЛАМАНОВИЧ

доктор юридических наук, профессор,
Декан факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби
Лучший преподаватель вуза – 2005 г., 2015 г.

Құрылтайшы:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:

МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

Founder:

INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN



PDFChef by Movavi

№11/1 (144)
2020

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
INTERNATIONAL SCIENCE JOURNAL

Бас редактор – **Алауханов Е.О.** «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», заң
ғылымдарының докторы, профессор

Главный редактор – **Алауханов Е.О.** «Заслуженный деятель Казахстана», доктор
юридических наук, профессор

Editor-in-chief – **Alaukhanov Ye.O.** «Honored Worker of the Republic of Kazakhstan», doctor
of Law Sciences, professor

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ КАФЕДРАСЫНА 30 ЖЫЛ!20

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫ – ЮРИДИЧЕСКАЯ НАУКА – LAW SCIENCE

Алауханов Есберген Оразович, Исмаилова Диляра Шахмуратовна, Жугралина Бахыт Мапашевна
ГОСУДАРСТВЕННЫЕ МЕРЫ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ БЕЗОПАСНОСТИ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ ЧРЕЗВЫЧАЙНОГО ПОЛОЖЕНИЯ, ВВЕДЕННОГО В РЕЗУЛЬТАТЕ ЭПИДЕМИИ КОРОНОВИРУСА: ВОПРОСЫ ОТВЕТСТВЕННОСТИ И НАКАЗАНИЯ26

Абдрахманова Эльмира Сериккельдиевна
ОСНОВОПОЛАГАЮЩИЕ ПРИНЦИПЫ МЕЖДУНАРОДНОГО ГРАЖДАНСКОГО ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ПРАВА ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РК И В МЕЖДУНАРОДНОМ ПРАВЕ33

Айдарбаев Сагынғалий Жоламанович, Тлеубеков Султан Торбекович
ПРАКТИКА ПРИМЕНЕНИЯ СОГЛАШЕНИЙ ВТО В СПОРАХ ПО ТОРГОВЛЕ МЯСОМ И МЯСНОЙ ПРОДУКЦИЕЙ.....40

Әпенев Серік Мейрамұлы, Байтукаева Дана Умирбековна
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢЫ БОЙЫНША АЗАМАТТЫҚТАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ46

Баймағабетова Зулфия Мажитовна, Ахметова Асем Алтынбековна
ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ РЫНКА ЗЕРНА В ЕВРАЗИЙСКОМ ЭКОНОМИЧЕСКОМ СОЮЗЕ (ЕАЭС)52

Букенбаев Руслан Муратович, Ахметов Ерик Бауыржанович
СТАНОВЛЕНИЕ МЕЖДУНАРОДНОЙ СИСТЕМЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА НАЧИНАЯ С СЕРЕДИНЫ XIX ВЕКА ПО НАЧАЛО XX ВЕКА (ИСТОРИКО-ПРАВОВОЙ АСПЕКТ).....56

Досымбекова Мариям Султановна, Тоқтыбеков Темир Абикенович
ВОПРОСЫ АДМИНИСТРАТИВНОЙ РЕФОРМЫ ПО ФОРМИРОВАНИЮ НОВОЙ МОДЕЛИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ61

Ергобек Шынғыс Кулбекулы, Алтаева Камиля Жакипбековна
ПРАВОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ РЕАЛИЗАЦИИ КОНЦЕПЦИИ СЛЫШАЩЕГО ГОСУДАРСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН66

Жунисов Жасулан Сейткаримович
ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ71

Калишева Нажия Хусаиновна
НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИМПЛЕМЕНТАЦИИ НОРМ МЕЖДУНАРОДНЫХ АКТОВ О МЕСТНОМ САМОУПРАВЛЕНИИ В КАЗАХСТАНСКОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО76

Курбанов Габиль
ИНСТИТУТ ПРОБАЦИИ В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ АЗЕРБАЙДЖАНА И ЗАРУБЕЖНЫХ ГОСУДАРСТВ81

Машимбаева Гульмира Амангельдиновна, Жақсылықбаева Әсем Алмазқызы
КРИПТОВАЛЮТА АЙНАЛЫМЫНЫҢ ЗАҢИ ШЕГІ: ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ86

Нысанбекова Ләззат Бегимжановна, Жайлау Жанат
ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНА ӘСЕРІ90

Otyunshiyeva Aidana Aitukyzy
THE POLITICAL AND LEGAL ASPECTS OF MULTICULTURALISM POLICY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN94

Рустамов Расул
УГОЛОВНО-ПРАВОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ НЕЗАКОННОГО УПОТРЕБЛЕНИЯ НАРКОТИКОВ 100

Tusupova Almagul Zhagaltaevna, Makisheva Mariyash Kaidaulovna
ON THE INTERNATIONAL LEGAL STATUS OF STATE LEADERS 105

Уинстон Наган (Winston P. Nagan), Омиржанов Есбол Токтарбаевич
МЕЖДУНАРОДНЫЕ ДОГОВОРЫ КАК КОМПОНЕНТ МОЩНОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ 112



ЖУНИСОВ ЖАСУЛАН СЕЙТКАРИМОВИЧ,
аға оқытушы, халықаралық құқық магистрі,
Әл-Фараби атандағы Қазақ ұлттық университеті

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Түйін. Мақалада Еуразиялық экономикалық одақтың құрылу алғышарттары мен кезеңдері қарастырылады. Сонымен қатар мақалада Одаққа мүше мемлекеттер арасындағы жасалған келісім-дерталданған. Сонымен қатар Еуразиялық экономикалық одақтың басты органдарының құқықтық мәртебесі де талдаудан өткен.

Түйінді сөздер: Еуразиялық экономикалық одақ, Кеден одағы, Кеден кодексі, интеграция, қатысушылар.

Резюме. В статье рассматриваются предпосылки и этапы создания Евразийского экономического союза. Кроме того, в статье анализируются соглашения, заключенные между государствами-членами Союза. Также был проанализирован правовой статус главных органов Евразийского экономического союза.

Ключевые слова: Евразийский экономический союз, Таможенный союз, Таможенный кодекс, интеграция, участники.

Annotation. The article discusses the prerequisites and stages of the creation of the Eurasian economic Union. In addition, the article analyzes the agreements concluded between the member States of the Union. The legal status of the main bodies of the Eurasian economic Union was also analyzed.

Key words: Eurasian economic Union, Customs Union, Customs code, integration, participants.

Посткеңестік кеңістікте қандай да бір интеграциялық экономикалық одақ құру қажеттілігі Кеңестік социалистік республикалар одағы (КСРО) ыдырағаннан кейін пайда болды. КСРО болған кезде одақтас республикалардың экономикалары бір-біріне тәуелді болды. КСРО кезінде республикалардың шекаралары арқылы тауарлар мен адамдардың қозғалысында проблемалар болған жоқ. Бірақ КСРО ыдырағаннан кейін саяси егемендік пен шекарадағы қатаң кедендік бақылау сыртқы сауданың дамуына және экономикалық өсуге ықпал ететіндігі белгілі болды. Сонымен қатар, XX ғасырдың екінші жартысында Еуропалық Одақтың құрылуы осы көріністердің айқын көрінісіне айналды. Яғни, Еуропаның тәуелсіз мемлекеттері экономикалық интеграцияның қажеттілігін түсінді және жүйелі түрде соған бет бұрды.

1994 жылы Ресей Федерациясына жасаған алғашқы ресми сапарында Нұрсұлтан Назарбаев «Еуразиялық одақ» терминін қолданды: «Біздің елдеріміз арасындағы қатынастардың еріктілік пен тең құқықтылық қағидасы негізінде құрылған жаңа мемлекетаралық бірлестік негізінде сапалы жаңа деңгейге көшу қажет. Еуразиялық Одақ Тәуелсіз мемлекеттер достастығынан (ТМД) басқа қағидаларға негізделуі керек, өйткені жаңа бірлестіктің негізін екі негізгі міндетті шешуге арналған мемлекеттен үстем органдар құрауы тиіс: бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру және біріккен қорғаныс саясатын қамтамасыз ету» [1].

Сондай-ақ маңызды факторлардың бірі 1995 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) құрылуы болды. Бұл оқиға таяудағы бірнеше жылда Еуразиялық интеграция туралы пікірталастардың ақпараттық күн тәртібін айқындап, ДСҰ-ға кіруді әрбір өзін құрметтейтін ұлттық экономиканың үлкен мақсаты ретінде белгіледі. Бұл мағынада жақын көршілермен өңірлік экономикалық интеграция ДСҰ-ға енуінің аралық кезеңі ретінде қарастырылды. Өйткені, ДСҰ-ға кіруге үміткер елдің белгілі бір заңнамалық базасы мен кедендік және экономикалық бақылаудың дамыған құралдары болуы міндетті болды. Тиісінше, Еуразиялық экономикалық интеграция мақсаттарының бірі ұлттық заңдар мен жоғарыда аталған құралдарды дамыту, оларды ДСҰ-ға кіру үшін қажетті деңгейге келтіру болды [1].

Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) пайда болуының себептері мен алғышарттарын, оның алдында тіршілік еткен интеграциялық бірлестіктер мен олардың ЕАЭО пайда болуына жасаған әсерін, бүгінгі күндегі ЕАЭО басты мақсаттары мен міндеттерін анықтау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан осы сауалдарға жауап беру керек. Ол үшін, ең алдымен, ЕАЭО-ң пайда болу алғышарттарынан бастайық.

Беларусь, Қазақстан, Ресей, Армения мен Қырғызста арасындағы ЕАЭО 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген халықаралық интеграциялық экономикалық бірлестік және посткеңестік кеңістіктегі бес мемлекеттің экономикалық интеграциясының нысаны болып

табылады. ЕАЭО Кедендік одақ пен Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың (ЕурАзЭҚ) базасында ынтымақтастықты одан әрі дамыту, экономиканы нығайту және әлемдік нарықта қатысушы елдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында құрылды. Бұл интеграция тауарлардың өзара саудасында арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қоспағанда, кедендік баждар мен экономикалық сипаттағы шектеулер қолданылмайтын Бірыңғай кеден аумағын құруды көздейді. ЕАЭО-ға қатысушы елдер үшінші елдермен сауда кезінде бірыңғай кедендік тарифтерді қолдану және басқа да реттеу шараларын қолдану жөнінде келісті.

ТМД кеңістігіндегі ынтымақтастық тәжірибесі көп жағдайда ЕурАзЭҚ, Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде әртүрлі форматты интеграциялық процестерді тереңдету үшін негіз болды. Интеграциялық бірлестік ретінде Достастықтың жалғасы ЕурАзЭҚ, сондай-ақ оның шеңберінде қалыптасқан Кедендік одақ, Бірыңғай экономикалық кеңістік және ЕАЭО болды [2, 101 б.].

ЕурАзЭҚ арқылы ЕАЭО-ға алып келген бірыңғай КСРО республикаларының аймақтық экономикалық интеграцияның түп-тамырына үңілетін болсақ, хронологияны сонау 1994-ші жылдан бастауымыз керек.

Еуразиялық интеграцияның алғашқы кезеңі, біздің ойымызша, 1994-2000 жылдар аралығы - бұл интеграциялық бірлестіктің қалыптасу кезеңі еді. Осы уақытта ынтымақтастықтың оңтайлы жолдарын іздеу жүріп, интеграцияның әлі де нысандарын емес, осы нысандарды әзірлеу мен енгізу жөніндегі өзара міндеттемелерді сипаттайтын аралық шарттар мен келісімдерге қол қойылып келді.

1994 жылы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Мәскеуде алғаш рет Еуразиялық одақ құру туралы ұсыныс жасады.

1995 жылдың 6 қаңтарында Ресей мен Белоруссия «Кеден одағын құру және ортақ нарықты қалыптастыру туралы» Келісімін жасасты, ал 20 қаңтарда осы Келісімге Қазақстан қосылды. Мұны қазіргі Еуразиялық экономикалық одақты құрудың бастапқы нүктесі деп санауға болады.

Осы Келісімнің мақсаты тараптар арасында экономикалық ынтымақтастық орнату, тауарлардың еркін алмасуын және адал бәсекелестікті қамтамасыз ету болды.

1996 жылдың 29 наурызында Ресей, Белоруссия, Қазақстан және Қырғызстан «Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы» Шартқа қол қойды. Шын мәнінде, бұл келісіммен елдер өздерінің интеграцияға деген ниеттерін жария және ресми түрде растады, бірақ әзірше тұжырымдаулар, механизмдер мен форматтарда нақтылық болмады.

1999 жылғы 26 ақпанда Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шартқа

қол қойылды. Келісімнің тараптары Ресей, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және 2006 жылдан бастап Өзбекстан болды. Алайда, мұндай құрамда одақ бар-жоғы бір жарым жыл ғана жұмыс істеді. 2000 жылдардың басына дейін қатысушы елдерде қызметтің түрлі салаларында (әлеуметтік-мәдени, ғылыми) ынтымақтастық орнату процесі белсенді жүріп жатты.

Еуразиялық экономикалық интеграцияның келесі, екінші кезеңі 2000-2011 жылдарды қамтыды. Бұл кезең Бірыңғай экономикалық кеңістікті (БЭК) құру мәселесімен сипатталды. Бұл кезде бірыңғай кедендік кеңістік іске асырылғанына қарамастан, қатысушы елдердің басшылары неғұрлым терең, экономикалық интеграцияға ұмтылыс білдірді. Олардың ендігі мақсаты жай ғана «ортақ шекара» емес, «ортақ экономиканы» құру еді.

2000 жылдың 10 қазанында Ресей, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру туралы Шартқа қол қойды, онда сол кездің өзінде мемлекеттік экономикалық реттеудің мемлекеттерден үстем элементтері бар еді. Мемлекеттерден үстемдігі бар алғашқы мемлекеттік орган - ЕурАзЭҚ Соты пайда болды. 2001 жылдың 30 мамырында бұл Шарт күшіне енеді. Осы сәттен бастап, жоғарыда аталған Кеден одағы өзінің қызметін тоқтатты, бірақ оның барлық ережелері мен қағидалары ЕурАзЭҚ-қа мұра болып қалды.

2003 жылдың 19 қыркүйек күнінде Ресей, Беларусь, Украина және Қазақстан Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы Келісімге қол қойды. Осы сәттен бастап тауарлар, қызметтер, капитал және жұмыс күшінің (бүгінгі күні оны ЕАЭО-ның «төрт бостандығы» деп атайды) еркін қозғалысын қамтамасыз ететін бірыңғай экономикалық кеңістік құру мақсатында құқықтық негізді дайындау жұмыстары басталып кетті.

Кедендік одақтың құрылуындағы маңызды оқиғалар ЕурАзЭҚ мемлекет басшыларының екі бейресми саммиті болды. 2006 жылғы 16 тамызда өткен бейресми саммитте ЕурАзЭҚ мемлекет басшылары ЕурАзЭҚ аясында Кеден одағын құру туралы шешім қабылдады, соған сәйкес Қазақстан, Беларусь және Ресейге заңнамалық базаны дайындау тапсырылды.

Бір жылдан кейін, 2007 жылғы 6 қазанда, ЕурАзЭҚ саммитінде Кеден одағының құқықтық базасын құруға негіз болған құжаттар пакеті бекітіліп, қол қойылды (Бірыңғай кедендік аумақ құру және Кеден одағын қалыптастыру туралы Келісімдер, Кеден одағының Комиссиясы туралы, ЕурАзЭҚ құру туралы Келісімге өзгерістер енгізу, ЕурАзЭҚ, Кеден одағының құқықтық базасын қалыптастыруға, олардан шығуға және оларға қосылуға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне енуі туралы хаттамалар). Сонымен қатар, ЕурАзЭҚ аясында Кеден одағын құру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. 2007 жылдың 6

қазанында Ресей, Беларусь және Қазақстан ЕурАзЭҚ негізінде бірыңғай кеден аумағын құру және Кеден одағын құру туралы қол қоған Келісімге сәйкес мемлекеттерден үстемдігі бар тағы бір жоғары орган - Кеден одағының Комиссиясы пайда болды. Бұл Кеден одағының шеңберінде 5 жылдан кейін көптеген техникалық регламенттер пайда болды [1].

2010 жылдың 1-ші қаңтар күнінен Кеден одағы өз жұмысын бастады, ал шілде айында Кеден Одағына мүше мемлекеттер үшін бірыңғай Кеден кодексі енгізілді. Ресми түрде, 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден одағы жұмыс істей бастады. Біріккен мемлекеттер үшінші елдермен сыртқы саудада бірыңғай кедендік тарифті және тарифтік емес реттеудің бірыңғай шараларын, сонымен қатар үшінші елдерден келетін тауарларға жеңілдетілген тарифтік жеңілдіктер мен преференцияларды қолдана бастады. Біртіндеп Кеден одағына мүше елдердің ішкі шекараларында кедендік ресімдеу және кедендік бақылау жойылып, хабарламаларды қабылдау бекеттері жойылды.

2010 жылдың 9 желтоқсанында Біртұтас экономикалық кеңістікті құру туралы Декларацияда алғаш рет ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттер интеграцияның жаңа, тереңдетілген нысаны - ЕАЭО-ға көшіп жатқандығы туралы ресми түрде жарияланды. Осыған байланысты, техникалық реттеудің бірыңғай жүйесіне және түбегейлі жаңа мемлекеттерден үстем жоғары стандарттарды (техникалық регламенттерді) енгізу қажеттілігі белгіленді.

2011 жылдың шілде айынан бастап кедендік бақылау Кеден одағының тек сыртқы шекараларында ғана қалдырылды. Осы жылдың 18 қараша күні Еуразиялық экономикалық комиссияны құру туралы шешімге қол қойылды.

2011 жылдың 16 тамызында алғашқы Кеден одағының техникалық регламенттер жарияланды: КО ТР 006/2011 «Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы» [3](2012 жылы 15 ақпанда күшіне енді) және КО ТР 005/2011 «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» [4](2012 жылы 1 маусымда күшіне енді). 2011 жыл ішінде барлығы 24 техникалық регламент мақұлданып, жарияланды. Олардың барлығы 2012-2015 жылдар аралығында күшіне енді. Белгілі бір өнімдерге арналған техникалық регламенттердің күшіне енуі осы өнімдердің ұлттық стандартының күшін автоматты түрде жойып отырды. Бұл, әрине, бірізгілендіру (унификация) процесі еді.

Еуразиялық экономикалық интеграцияның үшінші кезеңі 2012-2020 жылдарды қамтып отыр. Бұл кезең ЕАЭО-ның құрылуымен және қызмет етуімен сипатталады. Осы кезеңде қазіргі бірыңғай экономикалық интеграция қауымдас-тығы, яғни ЕАЭО қалыптасты. Бұл кезде өтпелі формалардан бас тартылып, мемлекеттерден үс-

тем институттардың дамуы байқалады.

2012 жылдың 2 ақпанында Еуразиялық экономикалық комиссия (ЕЭК) жұмыс істей бастады. Кеден одағының комиссиясы таратылып, оның функциялары ЕЭК-ке берілді. Осы жылдың 19 қазаны күні Қырғызстан Кедендік одаққа кірді. Сонымен қатар осы жылы 18 қарашада Еуразиялық экономикалық интеграция туралы Декларацияға (іс жүзінде, ЕАЭО құрудың жол картасына) және Еуразиялық экономикалық комиссия туралы Шартқа қол қойылды және мемлекет басшылары Еуразиялық экономикалық комиссия (ЕЭК) мемлекеттерден үстем орган ретінде ресми мойындады.

2012 жылы Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Біртұтас экономикалық кеңістігінің құқықтық негізін құратын, тауарлардың ғана емес, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің де еркін жүруіне негіз болатын халықаралық шарттар күшіне енді.

2014 жылдың 29 мамырында Астана қаласында Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа қол қойылды. Ресей, Беларусь және Қазақстан осы келісімді тиісінше 5-ші, 9-шы және 14-ші қазанда ратификациялады. 2014 жылғы 29 мамырда осы Шартқа қол қойылғаннан кейін Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікке мүше елдер жаңа тығыз өзара іс-қимылдың негізін қалады.

2014 жылдың 10 қазанда Армения Еуразиялық экономикалық одаққа қосылу туралы Келісімге қол қойды, ал 4 желтоқсан күні осы Келісімді ратификациялады. Осы жылы 23 желтоқсанда Қырғызстан осы Келісімге қол қойылды. 2015 жылдың 1 қаңтарында Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарт күшіне енді. Бұл күн ЕАЭО-ның ресми «туған күні» болып есептеледі. Ал 2 қаңтар күні Армения ЕАЭО-ң ресми мүшесі болып танылды. Осы жылы 21 мамырда Қырғызстан Еуразиялық экономикалық одаққа қосылу туралы Келісімді ратификациялады және тамыз айында оның ресми мүшесі болып танылды.

2016 жылдың 2 мамырында ЕАЭО мен Вьетнам арасында еркін сауда туралы келісімге қол қойылды. 2017 жылдың 14 сәуірінде Молдавия ЕАЭО-ға алғаш бақылаушы ел болып қабылданды.

2018 жылдың 1 қаңтар күнінен бастап ЕАЭО Кеден кодексі Кеден одағының бұрынғы Кеден кодексін жойып, күшіне енді. Ендігі жерде ЕАЭО-ға кіретін барлық елдер автоматты түрде ЕАЭО Кеден одағына қосыла береді.

Сөйтіп біз бұрыңғы КСРО кеңістігіндегі еуразиялық интеграцияның келесі кезеңдерін бөліп қарастырып өттік:

- 1) 1994-2000 жылдар - еуразиялық интеграцияның алғашқы кезеңі: интеграциялық бірлестіктің қалыптасу кезеңі;
- 2) 2000-2011 жылдар - ЕурАзЭҚ құруға байланысты кезең;

3) 2012-2020 жылдар - ЕАЭО құрылуы және қызмет етуі.

Жалпы алғанда ЕАЭО мен оның Кеден одағы екі басқа бірлестік болып табылатынын айтып өту керек. Кеден одағы ЕАЭО құрамына кіреді, бірақ болашақта Кеден одағына кіріп, ЕАЭО-ға кірмейтін мемлекеттер де пайда болуы мүмкін. Бірақ ЕАЭО-ға кірген мемлекет бірден оның Кеден одағының мүшесі ретінде танылады. Осыны ескеру керек.

Кейбір басылымдарда ЕАЭО-ның мемлекеттерден үстем органдарының санынан қатысты белгілі бір шатасулар кездесіп жүреді. Мысалы, осы басылымдардың біреуінде ЕАЭО-да мемлекеттерден үстем болып табылатын төрт жоғары орган бар деп айтылады және олардың қатарына келесі органдар жатқызылған [1]:

1) Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес - бұл ЕАЭО-ға мүше елдердің басшыларынан құралатын жоғарғы орган. Жоғары Кеңестің отырыстары жыл сайын өткізіліп тұрады.

2) Еуразиялық үкіметаралық экономикалық кеңес - бұл ЕАЭО-ға мүше елдердің үкімет басшыларын (премьер-министрлерін) біріктіретін орган. Кеңес отырыстары жыл сайын өткізіліп тұрады.

3) ЕЭК тұрақты жұмыс істейтін реттеуші орган болып табылады, оның міндеттеріне Одақтың тікелей қызметі, интеграцияны және мемлекеттерден үстем институттар мен құралдарды дамыту кіреді. Ол Кеңестің Комиссиясынан және Кеңестің Алқасынан (Коллегиясынан) тұрады.

4) ЕАЭО Соты – ЕАЭО-ның ұлттық заңнамасының құқық қолдану практикасы мәселелерін шешетін сот органы.

Бұл жерде бірден түсіндіріп өтетін болсақ, «мемлекеттен үстемділік» немесе «ұлттан үстемділік» ұғымдары синоним болып табылады және олар алғашында еуропалық интеграция тәжірибесінде пайда болған еді. 1951 жылғы Еуропалық көмір мен болат бірлестігін құру туралы Шарттың 9-шы бабында «ұлттан үстемділік» ұғымы қолданылып, бірақ оның түсінігі берілмеген еді. Ресейлік ғалым О.М. Мещерякованың айтуынша 1967 жылы Шарттың бұл бабы жойылды, ал кейін Көмір мен болаттың еуропалық бірлестігінің өзі де өз тіршілігін тоқтатты. Ал қазіргі кезде «ұлттан үстемділік» ұғымын бекітетін халықаралық құқықтық акті жоқ және халықаралық құқықтық әдебиеттерде де бұл ұғымның барлығымен танылған және қалыптасқан анықтамасы жоқ [5, 616].

Мемлекеттерден үстем болуы үшін халықаралық ұйымның қабылдаған шешімдері мүше-мемлекеттердің аумағында тікелей, яғни ешқандай ратификациясыз, бекітусіз не басқа да рұқсат берусіз қолданылуы тиіс және бұл шешімдердің заңи күші мемлекеттердің ішкі заңнамасынан басым болуы тиіс. Осы тұжырымға сүйенетін болсақ, жоғарыда аталған төрт органның тек екеуі ғана «мемлекеттен үстемділік» немесе «ұлттан үстемділік» ұғымының талаптарына сәйкес келеді,

олар Еуразиялық экономикалық комиссия және ЕАЭО Соты.

Біріздендірудің ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылатын техникалық регламенттерге келсек ЕАЭО шеңберінде олардың саны жылдан жылға өсіп, жүзге жақындап келе жатыр.

ЕАЭО-ны құру 2000, 2007 және 2014 жылдары қол қойылған үш мемлекетаралық шартты қабылдау жолымен бірнеше кезеңде өтті, оның соңғысы ЕАЭО-ны қалыптастыруды құрды. Өнімнің ЕАЭО аумағына кіруі осы өнімдерге қолданылатын Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін тексергеннен кейін жүзеге асырылады [6].

Ресей, Беларусь және Қазақстан арасындағы кедендік шекараларды жою Кеден одағын және одан әрі Еуразиялық экономикалық одақты дамытудың ең маңызды кезеңдерінің бірі болды. Еркін саудаға шектеулерді және шекаралық бақылауды жою сияқты шаралар қатысушы мемлекеттер арасындағы сауданы, әсіресе қаржы және экономикалық дағдарыс кезінде жеңілдетуге айқын ықпал еткендігі сөзсіз [7].

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) бүгінгі күні халықаралық-құқықтық субъектілікке ие және ол Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта белгіленген аймақтық экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы болып табылады. ЕАЭО тауарлар, қызметтер, капитал мен жұмыс күшінің еркіндігін, сондай-ақ экономика салаларында келісілген, келісілген және бірыңғай саясатты қамтамасыз етеді. ЕАЭО құру мақсаттары[1]:

- жан-жақты модернизация, ынтымақтастық және ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- өз халқының өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында мүше мемлекеттер экономикаларының тұрақты дамуы үшін жағдай жасау.

Қазіргі кезде ЕАЭО аясында:

- тауарлардың ішкі нарығы жұмыс істейді;

- ЕАЭО бірыңғай кедендік тарифі және үшінші тараптармен тауарлардың сыртқы саудасын реттеудің басқа да бірыңғай шаралары қолданылады;

- тауарлармен сауданың бірыңғай режимі үшінші елдерге қолданылады;

- бірыңғай кедендік реттеу іске асырылады;

- кедендік декларацияны және мемлекеттік бақылауды (көлік, санитарлық, ветеринарлық, карантиндік, фитосанитарлық) қолданбай мүше мемлекеттердің аумақтары арасында тауарлардың еркін жүруі қамтамасыз етіледі.

ЕАЭО-ның одақтың басқару органдарының қатарына жататындар[8]:

- Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес (жоғарғы басқару органы);

- Еуразиялық үкіметаралық кеңес;

- Еуразиялық экономикалық комиссия (тұрақты жұмыс істейтін орган);

- Еуразиялық экономикалық одақтың соты.

Еуразиялық экономикалық комиссия қызметінің негізгі бағыттарына келсек, олар:

- кедендік баж салығын есептеу және бөлу;
- үшінші елдерге қатысты сауда режимдерін орнату;
- сыртқы және өзара сауда статистикасы;
- өндірістік және ауылшаруашылық субсидиялар;
- энергетикалық саясат;
- табиғи монополиялар;
- қызметтер мен инвестициялардың өзара саудасы;
- көлік және тасымалдау;
- ақша-несие саясаты;
- интеллектуалдық қызмет нәтижелерін және тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді дараландыру құралдарын қорғау және қорғау;
- кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу;
- кедендік әкімшілендіру;
- және т.б. [8].

ЕАЭО-ның нормативтік-құқықтық базасының қалыптасуына байланысты мүше мемлекеттердің кеден заңнамалары өзгеруде. Біріншіден, қолданыстағы ұлттық заңнамаға қосымша реттеудің тағы екі деңгейі пайда болды: Кеден одағына мүше мемлекеттердің халықаралық келісімдері және Кеден одағы Комиссиясының шешімдері (қазіргі уақытта Еуразиялық экономикалық комиссия). Қазіргі уақытта ЕАЭО кеден заңнамасы төрт деңгейлі жүйе болып табылады:

- Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі;
- ЕАЭО мүше мемлекеттердің кедендік қатынастарды реттейтін халықаралық келісімдері;
- Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдері;
- қатысушы елдердің ұлттық кеден заңнама-

лары.

Интеграцияның неғұрлым жоғары деңгейіне өту Одақтың нормативтік-құқықтық базасында үлкен өзгерістерді талап етті. Жаңа Кеден кодексін қабылдау бойынша жұмыс бірнеше жыл бойы жүргізілді, бұл үшін Одаққа мүше мемлекеттердің көптеген түзетулерін қабылдау қажет болды. 2016 жылғы 26 желтоқсанда ЕАЭО Кеден кодексі қабылданды, ол 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Құжат Кеден одағының көптеген халықаралық шарттары мен келісімдерін біріктірді (мысалы, Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы келісім сияқты). Осылайша, ЕАЭО Кеден кодексі жобасында концептуалды аппарат жаңартылды, «бір терезе» қағидасы енгізілді, электронды декларацияның басымдылығы жарияланды, кедендік рәсімдерге бірқатар өзгерістер енгізілді, уәкілетті экономикалық оператор институты қайта құрылды.

Бүгінгі күні ЕАЭО құрамына бес мемлекет кіреді: Ресей, Беларусь, Қазақстан, Армения және Қырғызстан. Молдова бақылаушы ел болып табылады. Вьетнам, Иран, Қытай және Кубамен ЕАЭО еркін сауда туралы келісімдер жасасты. Сингапур, Үндістан, Мысыр (Египет), Таиланд, Израиль және Сербиямен еркін сауда режимін құру туралы келіссөздер жүргізілуде.

ЕАЭО ендігі жерде Азия мен Еуропаны біріктіретін «континентальды интеграцияның өзегі» ретінде ұсынылады. Оның тұжырымдамасы Еуропа мен Азия арасындағы жылдам және тиімді сауда бағыттарын құруға бағытталған жаһандық қытайлық «Бір белдеу - бір жол» жобасының қисындылығын ескере отырып жасалады. Сонымен қатар ЕАЭО саяси одақ емес, тек экономикалық бірлестік екенін ескере кеткеніміз жөн.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. История создания и развития ЕАЭС: от ЕврАзЭС через ТС и ЕЭП // Режим доступа: URL:<https://www.rctest.ru/news/istoriya-sozdaniya-i-razvitiya-eaes-ot-evrazes-cherez-ts-i-eep.html>
2. Международно-правовые основы создания и функционирования Евразийского экономического союза / К.А. Бекашев, Д.К. Бекашев, С.Ю. Кашкин и др. Отв. ред. Е.Г. Моисеев. - М.: Проспект, 2015. -176 с.
3. Технический регламент Таможенного Союза 006/2011 «О безопасности пиротехнических изделий» (утвержден Решением Комиссии Таможенного союза от 16 августа 2011 года №770). Информационно-правовая система «online.zakon.kz». Режим доступа: URL:https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31052380
4. ТР ТС 005/2011 «О безопасности упаковки» (утвержден Решением Комиссии Таможенного союза от 16 августа 2011 г. №769). Информационно-правовая система «online.zakon.kz». Режим доступа: URL:https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31051935
5. Мещерякова О.М. Понятие «наднациональность» и суверенитет государств-членов Европейского союза // Вестник Российского университета Дружбы народов. Серия «Юридические науки». - 2007. - №3. - С.58-63.
6. Дмитриева Ю. Евразийский экономический союз: становление, развитие, значение // Режим доступа: URL:<http://eurasian-studies.org/archives/3267>
7. Попов В.В., Райкова Н.Е. Развитие показателей таможенной статистики Российской Федерации и проблема их сопоставимости // Молодой ученый. - 2012. - №8.
8. ЕАЭС. Режим доступа: URL:<http://www.eurasiancommission.org/ru/Pages>